

Қазақстан Республикасы Жоғарғы
сотының төрағасы Ж. Асановқа

Қарағанды облыстық сотының
төрағасы
Е. Әріповқа

Е. Кобдиқавтан, 72 жастағы шопан
болып істеген еңбек ардагері
Қарағанды қаласы.

2020 жылы 18 ақпан күні Қарқаралы қаласынан Қарағанды қаласына ауруханаға жату үшін машинамен түс кезінде шықтық, рөлде балам Мұрат, аяғы ауыр келінім және немерем Айнұр 14 жастағы бартын. Қарқаралыдан 70 шақырымдай өткен кезде машина сынып, аяз күшейіп, боран басталды. Өткен 3-4 машинаның бірде-бірі тоқтамады. Аяздан, қалта телефондар сөніп қалды. Енді өлдік қой деп отырған кезде бір машина өтіп кетіп қайта айналып келді де. Бір адам есікті ашып сәлем берді. «Үсіп қалыпсыздар ғой, тез менің машинама мініңіздер», деп мені қолтықтап өз машинасына отырғызды. Содан телефонымен орыс тілінде біреумен сөйлесті де, бізге «Қазір бір сағаттың ішінде Сергей деген азамат келеді. Балам Мұратқа «Сен машинада жылынып ал, қарсы келе жатқан Сергейдің машинасымен қайтып келесің», деді. Біраз жүргеннен кейін, қарсы келген машинаға тоқтап, сөйлесіп. Балама Мұратқа айтты «Мына Камазға мін, машинанды Сергей Ботақараға әкеліп жөндеп береді». Қарағандыға келгеннен кейін қала шетіндегі ауруханға бізді апарды. Дәрігерлер немерем Айнұрдың бақайы үсіп кеткенін, аяғы ауыр келінімнің қатты тонғандығын айтып больницаға жатқызды. Қалғанымызды Сортировкадағы қызымның үйіне әкеліп түсірді. Үйге кіргеннен кейін, есімізді жиып жаңағы адамның аты – жөнін, не телефонын алмағанымызды түсіндік. 2-3 сағаттан кейін ұлым келіп айтады, «Сергей деген жақсы адам екен, машинаны жөндеп, ақша алмай, қаланың шетіне дейін шығарып салды. Ақша неге алмайсыз деп едім, Оралға мен қарыздармын деді. Ол кім деп едім, жаңағы сендерді құтқарған, Бұқар-Жырау ауданында сот төрағасы болып істеген Омаров Орал ол таза, адал, тәртіпті адам», деді.

Больницада 2 айға таман жатып, Қарқаралыға қайтып келе жатқанда, Ботақараға соғып, Сергейдің үйіне келдім. Үйден орыс әйел шығып Сергейдің үйде жоқ екенін айтты. Онда сіз бізге Омаров Оралдың телефонын бер десек, Сергейге звандап, Сергей менің балам Мұратпен сөйлесті. Телефонын алғаннан кейін, Оралға өзі құтқарған адамдар екенімізді айтып, Рахметімізді айтып, жолығайын деп едім, Аға өзіңізді маған қарызбын деп санаманыз, адамға жақсылық жасау міндет қой, деп қоштасып, телефонды қоя салды.

Егер сол күні ол басқа машиналар сияқты тоқтамай өтіп кетсе, біздің, яғни 14 жастағы немерем, аяғы ауыр келінім, ұлым және мен далада үсіп өлетініміз айдан анық нәрсе ғой, Мен ойлаймын, мұндай адамдар тас бауыр болып бара жатқан заманда, жас адамдарға үлгі болады. Бұқар - Жырау ауданында сот болып жұмыс істеген, ел силаған азаматқа менің әкелік алғысымды жеткізулеріңізді сұраймын!

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Соты

13» 09 2022 ж.

№ 256 Парак 1

10/4

Кобдиқавтан